**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: «Жамбыл ауылының ЖОББМ» КММ**
**Сынып: 0 сынып**
**Балалардың жасы: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 12-16 ақпан 2023-24 жыл**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 12.02** | **Сейсенбі 13.02** | **Сәрсенбі 14.02** | **Бейсенбі 15.02** | **Жұма 16.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Қайырлы күн!<br>**Қазақ тілі**<br>қарым-қатынас іс-іректі | Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.Балаға жағымды ортаны қалыптастыру.<br>Сәлеметсіз бе!<br>Қайырлы күн!<br>**Қазақ тілі**<br>қарым-қатынас іс-іректі | Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау.Бүгінгі көңіл-күйі жайлы әңгімелесу.<br>Сәлеметсіз бе! Қалың қалай?<br>**Қазақ тілі**<br>қарым-қатынас іс-іректі | Балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Баланы өз ойын білдіруге және оны не қызықтыратынын жеткізе білуге бейімдеу<br>Сәлеметсіз бе!<br>Қайырлы күн!<br>**Қазақ тілі**<br>қарым-қатынас іс-іректі. | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>Табиғатпен танысу<br>Табиғат неткен көрікті,<br>Жапырақтай жайқалып,<br>Гүлдей жайнап өсеміз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Билеп-билеп аламыз.<br>**Қазақ тілі**<br>қарым-қатынас іс-іректі. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру:**<br>Ата- аналарға | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Ата- аналарға балаларын | **Ата-аналармен әңгіме:**Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып | **Ата –аналармен әңгіме**:<br>«Дұрыс тамақтануға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| балаларын кешіктірмей алып келулерін ескерту. | жөнінде кеңес беру | ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | жеуге үйретулерін ескерту. | баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Айналамдағы дыбыстар. Дыбыс** Мақсаты: Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. **Сауат ашу негіздері** қарым –қатынас іс-әрекеті | **Дидактикалық ойын** «Бұл не? Кімге керек?» **Мақсаты:** Мектеп қызметкерлері мен қажет құралдарымен таныстыру. **Қоршаған ортамен танысу** әлеуметтік-эмоционалды дағды | **«Орныңнан тұр» қимылды ойын** Мақсаты: заттардың орналасқан жерін табу қабілетін дамыту: алдыңғы, артқы, сол, оң, алдыңғы, артқы **Дене шынықтыру** физикалық қасиеттерді дамыту**Математика негіздері** танымдық іс-әрекеті | **«Үй салу» ойыны** Мақсаты: әртүрлі мөлшердегі үйлерді құру; балаларды осы үйдің көлеміне сәйкес келетін есіктерді, терезелерді, шатыр таңдауға үйрету **Құрастыру** шығармашылық іс-әрекеті **Математика негіздері** танымдық іс-әрекеті | **«Ізде, тап» дидактикалық ойыны** Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді, сондай-ақ зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді ажырата білу қабілетін дамыту **Қоршаған ортамен танысу** әлеуметтік-эмоционалды дағды **Сөйлеуді дамыту** қарым-қатынас іс-әрекеті |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Картотека № 8 Физикалық қасиеттерін қалыптастыру жане қарым –қатынас іс –әрекеті | Картотека № 9 Физикалық қасиеттерін қалыптастыру жане қарым –қатынас іс –әрекеті | Картотека № 10 Физикалық қасиеттерін қалыптастыру жане қарым –қатынас іс –әрекеті | Картотека № 11 Физикалық қасиеттерін қалыптастыру жане қарым –қатынас іс –әрекеті | Картотека № 12 Физикалық қасиеттерін қалыптастыру жане қарым –қатынас іс –әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Әңгіме** «Менің қалам Павлодар»<br>Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілікті, құрмет сезімін ояту<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>әлеуметтік-эмоционалды дағды | **«Кім көп сөз ойлайды» дидактикалық ойыны:**<br>– К дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдар. – Кітап, кілем, кім, кілт, киіз. – Т дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіріңдер. – Тағa, тарақ, тау, тиін, тас.<br>**Сауат ашу негіздері**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті | **Әңгімелесу**<br>Тақырыбы: «Адал достар»<br>Мақсаты: достар туралы түсініктерді нақтылау және кеңейту<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>әлеуметтік-эмоционалды дағды<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті | **«Бүкіл әлемге саяхат» рөлдік ойыны**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрісін кеңейту; әлемнің бөліктері, әртүрлі елдер туралы білімдерін бекіту; саяхаттауға, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; балалардың сөздік қорын кеңейту: «капитан», «әлем бойынша саяхат», «Азия», «Үндістан», «Еуропа»,<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>әлеуметтік-эмоционалды дағды | **«Тақия тастамақ» (көрінбейтін тақия) қазақ ойыны**<br>Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін, ойлау және қиялын қалыптастыру<br>**Дене шынықтыру**<br>физикалық қасиеттерін дамыту |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Кім ақылды? (әңгіме)<br>Мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын | **1.Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы:Жыл құстары<br>Міндеттері: Табиғатпен | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:Ойнай отырып оқимыз<br>Мақсаты: сөйлем құру және құрылған сөйлемнің сызбасын | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы:Кім ақылды? (әңгіме)<br>Мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:Дыбыстық талдау Мақсаты: дыбыстық талдау туралы алған білімдерін пысықтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болатынын түсіндіру. Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді үйрету. 2.Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. 3.Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. **2.Математика негіздері** Тақырыбы:Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. Мақсаты: қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру. Міндеттері: 1. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. 2.Талдау, салыстыру, қарапайым | таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу. Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну **2.Қазақ тілі** Тақырыбы:Ыдыс-аяқ дүкені Мақсаты: сөздік қорларын күнделікті ыдыс атауларымен | құрай алу дағдыларын бекіту. Міндеттері: 1. Сөйлем құрып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айта алу және құрылған сөйлемнің сызбасын құрай алу дағдыларын жетілдіру. 2. Сөзді дыбыстық талдай алу дағдыларын бекіту. 3. Көлік түрлерінің пайдасын айта отырып, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. **2.Математика негіздері** Тақырыбы:Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. Мақсаты: қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру. Міндеттері: 1. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар | болатынын түсіндіру. Міндеттері: 1. Сөздерді буынға бөлуді үйрету. 2.Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. 3.Балаларды әдептілікке, кішіпейілділікке тәрбиелеу. **2.Қоршаған ортамен таныстыру** Тақырыбы:Аңдар қысқа қалай дайындалады?Терезе алдында не өсіп тұр? Міндеттері: Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың | Міндеттері: 1. Дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру. 2. Дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлеріне жатығулар жасату, сөйлем құрату арқылы зейіндері мен логикалық ойлауларын дамыту. 3. Мамандық түрлерімен таныстыру арқылы әр мамандық иелерінің жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу **2.Математика негіздері** Тақырыбы: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. Мақсаты: қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру. Міндеттері: 1. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Дербестікке баулу. **3.Сауат ашу негіздері** Тақырыбы: Сөйлем құрау Мақсаты: «Сөйлем», «Сөйлемнің сызбасы» деген ұғымдарды бекіту. Міндеттері: 1. Сөздерді қатыстырып, белгілі ретімен сөйлем құрай алу және сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен айта алу дағдыларын бекіту. 2. Сөйлем сызбасын құруға және сөйлемге мағынасына қарай сөз қоса алуға жаттықтыру. 3. Дербес жұмыс істей алуға және шыдамдылыққа тәрбиелеу **4.Дене шынықтыру** Тақырыбы: «Батырлар» (айналмалы | молайту. Білімділік міндеті: қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Дамытушылық міндеті: диалог құрып сөйлеуге 14 дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру. Тәрбиелік міндеті: мәдениетті, сыпайы сөйлеуге тәрбиелеу. **3.Көркем әдебиет** Тақырыбы:Алтын балта (орыс халық ертегісі) Мақсаты: қоршаған орта | жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. 2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Дербестікке баулу. **3.Қазақ тілі** Тақырыбы:Азық-түлік Мақсаты: азық-түліктің қазақша атауларымен таныстыру. Білімділік міндеті: сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Дамытушылық міндеті: ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық | және т.б. маңызын түсіну **3.Көркем әдебиет** Тақырыбы:Бір уыс мақта (Ыбырай Алтынсариннің әңгімесі) Мақсаты: әңгіменің мағынасын интонациямен мазмұндауға дағдыландыру. Міндеттері: 1. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз ойын айта білуге баулу. 2. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. 3. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **4.Музыка** Тақырыбы:«Менің туыстарым» Мақсаты: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. Міндеттері: Музыкалық дыбысталуының | жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. 2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Дербестікке баулу. **3.Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті(Мүсіндеу)** Тақырыбы:Ит жеті қазынаның бірі. Мақсаты: балалардың адам мен жануар бейнесін мүсіндей алу іскерлігін қалыптастыру. Міндеттері: білімдік:жануар бейнесін жасай алуға баулу, ермексазбен ұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру; дамытушылық: баланың ойлау қабілетін,қол қимыл әрекетінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларды қолдану).Мақсаты: а) Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгіру мен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену. ә) Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алғанқарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу.Гимнастикалық қабырғада қиғаш өрмелеуге, түрлі тәсілмен түсуге жаттығу, қол мен аяқтың үйлесімді қозғалысын жалғастыру. | туралы түсінігін дамыту.<br>Міндеттері: 1. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу. 2. Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру. 3. Әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**4.Музыка**<br>Тақырыбы: «Бесік жыры»<br>Мақсаты: Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету.<br>Міндеттері: Лирикалық вальс ырғағындағы байсалды әуендерді қабылдап, пьесаның билеуге икемді сипатын сезініп, қарқындық өзгерісін белгілеу, фортепианоның сүйемелдеуімен | жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тәрбиелік міндеті: ас қадірін білуге тәрбиелеу<br>**4.Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: ***«Мерген»***<br>Мақсаты:а) Көлбеу тақтайға жүгіріп шығу, түсу, биіктегі салмақ түсіру, тірелу нүктесінде тепе-теңдік сақтауға дағдыландыру. Тік нысанаға заттарды лақтырып, тура ортасына тигізу; түрлі қимылдарды қосып орындауға жаттықтыру.Жерден биіктетілген тақтайдың астынан өту, биік тақтай үстінде жинақталып нысананың ішінен тепе-теңдікті сақтай отырып өтуге жаттығуды жалғастыру. ә) Өз денесін | сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту. Музыкаға сәйкес заттармен қозғалу, саптағы орнын өзгерте отырып, кеңістікте еркін бағдарлау. Отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту. Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев)<br>**5.Өлкетану**<br>Тақырыбы: Мәңгілік есте.<br>Міндеттері: | үйлесімділігін,шығар машылық қабілетін, көркемдік талғамын дамыту; тәрбиелік: балаларды үй жануарларын сүюге,оларға қамқор бола білуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы:«Аңшылар »<br>Мақсаты:а) Түрлі жағдайларда балалардың білім-біліктерін саналы пайдалана алуына ықпал ету. Жерге жорғалаудағы қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту. Тізені жоғары көтеріп, тепе-теңдікті сақтап жүруге жаттығу.<br>ә) Заттардың арасымен дұрыс жүгіруді жалғастыру. Өз денесін басқаруды, арқаннан ұстап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу. | немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен айту. Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу.<br>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) | басқаруды, арқаннан ұстап салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу. | Соғыс ардагері Қанаш Қамзин туралы балаларға алғашқы қарапайым түсінік беру, атақты ел мақтанышының есіміне орай аталған көшелер туралы мәліметпен таныстыру, патриоттық тәрбиелеу беру | салбырап тұруды, ептілік, өз бетімен әрекет ету, күштілікті дамыту.<br>б) Еліміздің тарихына қызығушылығы мен ұлт дәстүріне деген құрметке, басқаларға көмек бере білу, өз мүддесінен команданың мүддесін жоғары қоюға тәрбиелеу. |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау.<br>**Көркем сөз**<br>Қолымызды жуамыз,<br>Асханаға барамыз<br>Асханаға барған соң<br>Тамақ ішіп аламыз.<br>**Көркем әдебиет**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті | **«Ас адамның арқауы»**<br>Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті | Нан қиқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып, қастерлеп<br>Торғайларға тастаңдар.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті | Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру.<br>**Ойын:** «Көңілді трактор | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»**<br>Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»<br>**Көркем әдебиет**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. | Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. |
| **Серуен** | Мектеп аумағындағы ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: ағаштарды тану, өзгерістерді белгілеу қабілетін бекіту.<br>«Жұмбақты тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балалардың қыста жансыз табиғат туралы білімдерін бекіту.<br>**Сөйлеуді дамыту** қарым-қатынас іс-әрекеті<br>**Қоршаған ортамен танысу** әлеуметтік-эмоционалды дағды | Қармен эксперименттік іс-әрекет<br>Мақсаты: қардың қасиеттерін сыртқы түрі мен сезімі бойынша анықтауға үйрету.<br>Еңбек қызметі: қардан салынған ғимараттар<br>«Қар ұшқынын қара» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: байқауды дамыту, анықтамалық сөздерді таңдау мүмкіндігі.<br>**Сөйлеуді дамыту** қарым-қатынас іс-әрекеті<br>**Дене шынықтыру** физикалық | Аспанды бақылау<br>Мақсаты:табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен таныстыру, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілдерін дамыту.Педагог балалардың назарын аспанға аударады. Аспанның түсі ашық, көгілдір екендігін, онда ақ бұлттар, қалқиды. Олардың пішіндері әр түрлі болады, бұлттарды желқозғайды.<br>Жұмбақ:<br>Бір түкті кілем Бір түксіз кілем (жер, аспан)<br>**Сөйлеуді дамыту** қарым-қатынас іс- | Желді бақылау<br>Мақсаты:балаларды табиғат құбылыстары, желдің соғуын, желдің бағытын, жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.Педагог балалармен қай жақтан жел соғып тұрғанын бақылайды. Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау, ағаш бұтақтарының қозғалысын бақылау.<br>Жұмбақ:<br>Қанаты жоқ-ұшады<br>Аяғы жоқ-қашады.<br>(Жел)<br>**Сөйлеуді дамыту** | Күнді бақылау<br>Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру.<br>Байқампаздық, бақылай білу қабілеттерін дамыту.<br>Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру.<br>Жұмбақ:<br>Жұрттың бәрі соны сүйеді,<br>Бірақ оған қарағысы келмейді. (Күн)<br>**Сөйлеуді дамыту** қарым-қатынас іс-әрекеті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қасиеттерді дамыту | әрекеті | қарым-қатынас іс-әрекеті | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.<br>**Қазақ тілі**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | Достарымен ішке кіру.Менің досым» Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>қарым-қатынас іс-әрекеті |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Саусақгимнастикасы Фигуралардыорында у**<br>**Мақсаты:**ұсақмоториканыдамыту.<br>«Үйшік»<br>Құбыржәнешатыры бар үйтұр, Мен балконғасеруенугешықтым.<br>«Көзілдірік»<br>Әжейкөзілдіріккиді Немересінкөрді. | **«Бөлшектен үй құрастыр» дидактикалық ойын**<br>**Мақсаты**: үй мен автобустың бөліктерін табуға үйрету; балалардың шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш туралы білімдерін бекіту; зейінді, көзді, | **Тілгимнастикасы**<br>«Р»-ғатіліңкелеме?<br>Қаламқасқа «тұр», - деші,<br>Қарындашқа «жүр», - деші.<br>«ҚарақарындаштыҚаламқасалыптұр», - деші,<br>Ал ендіөзің-ақ<br>«Р-р-р-р», - деші.<br>**Қазақ тілі**<br>Қарым-қатынас іс- | **«Ұшады, жүгіреді, жүзеді...» дидактикалықойы н**<br>Мақсаты: балалардыңжәндіктердің, жануарлардың, құстардыңқозғалужолдарытуралыбілімдерінбекіту<br>**Қоршағанортаментанысу**<br>Әлеуметтік-эмоционалды дағды | **«Таяқшаданқұрастыру» ойыны**<br>Мақсаты: геометриялықфигуралартуралыбілімдібекіту ,<br>балалардыңлогикалық ойлауындамыту<br>**Құрастыру**<br>шығармашылық іс-әрекеті<br>**Математика**<br>Танымдық және зияткерлік дағды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Орындық»<br>Аяғы, арқасыжәнеорындық – Міне, таңқаларлықорындық<br>**Дене шынықтыру**<br>физикалық қасиеттерді дамыту | табандылықты дамыту<br>**Математика негіздері**<br>Танымдық және зияткерлік дағды | әрекеті | **Сөйлеудідамыту**<br>Қарым –қатынас іс-әрекеті | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Қарым-қатынас дағдылары<br>Әңгіме құрастыру<br>Мақсаты: грамматикалық құрылымды және үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру | Физикалық дағдылар<br>«Шаңырақ» қимылды ойыны<br>Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді, реакциялардың жылдамдығын дамыту | Әлеуметтік-эмоционалдыдағдылар<br>«Алдымен не, соданкейін не болады?» дидактикалықойыны<br>Мақсаты: себеп-салдарлықбайланыстар дыбөліпкөрсету, қоршағанәлемдегіөсімдіктердіңмаңыздылығын түсіндіруқабілетіндамыту | Танымдық және зияткерлік дағдылар<br>«Көршіңді ата» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: сандар туралы білімді, олардың сандық қатардағы орнын бекіту | Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі<br>«Қиып ал да, жапсыр» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: қайшымен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын бекіту, аппликация элементтерін қағаз парағына орналастыру мүмкіндігі |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Ата-анаға кеңес:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-анаға кеңес:**<br>«Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз» | Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Балалардың ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту. | Ата-аналармен әңгімелесу.<br>Балаларды қайтару. | Ата-аналармен балаларының тазалықтары жайлы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

**Тәрбие-білімберуүдерісініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымыныңатауы: «**Жамбыл ауылының ЖОББМ»КММ
**Мектепалды** 0 сыныбы
**Балалардыңжастары:**5жастағы
**Жоспарлаукүні:**19.02-23.02.2023-2024оқужылы

| **Күнтәртібі** | **Дүйсенбі19.02** | **Сейсенбі20.02** | **Сәрсенбі21.02** | **Бейсенбі22.02** | **Жұма23.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналарменнемесебаланың басқа заңдыөкілдерімен, кеңес,әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардыңдербесәрекеті(баяуқимылды,үстелүстіойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды караужәнебасқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Белбеу соқ»** Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қайсысы қайда тіршілік етеді»** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Түйе-түйе»** Ойынды аланда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді. | суреттері, геометриялық пішіндер.<br><br>Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әрбалақұлыпқасайкелетінкілттіалып, құлыптыашады. | өмір суретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олартуралыбілетінтақпақтарынсұрайды. | тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды. Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді. | Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.<br>Ойын барысы:<br>Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады.<br>Білімдерінанықтаубарысындатабиғатқұбылыстардыңқасиеттерінайтыпберулерікерек. |
| Ертеңгілікжаттығу | **Таңғыжаттығукешені (ақпан айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>1. Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>2.Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан - жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру<br>бастапқы қалыпқа келу | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Комплимент»сәлемдесу**<br>Мақсаты: өзіне дегенсенімділікті арттыруғаықпалету.<br>Балалар допты шеңбергеөткізіп, бір – біріне мақтауайтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды,жылы сөздер. (қоршағанортамен танысу)<br><br>Балалардыңқалауы бойыншаүстелойындары. | | | | |
| Кестеге сәйкесұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту** **Міндеттері:** Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>**«Кім? Не?» Қанша?Неше?Қандай, Қай?(зат есімдер,сан есімдер,сын есімдер)**<br><br>**Ойынның мақсаты:** Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр-түрлі суреттер<br>**Ойынның** | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері:Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру,ашықсұрақ, миғашабуыләдісі,суретпенжұмыс.<br>«Сөзді тап»<br>Мақсаты: Балалардың сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту.Барысы: Педагог балаларды 2 рет түрту арқылы сөздерді табуға шақырады. Балалар берілген буын саны бар сөздерді таңдайды. Дұрыс жауап үшін бала чип алады. | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Тәрбиеші тапсырманың | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>Таныс пішіндер доминосы<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.**«Қандай пішін жетіспейді?»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **мазмұны:** Балаларға әртүрлі ағаштар,тау,құстар,гүлдерсуреттері беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз ,санын,түсін сипаттап айтып береді. Жанды болса кім?жансыз болса не? Сұрағы қойылады. Сұрақты дұрыс қойып  жауап беруді үйретемін.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру,ашықсұрақ, миғашабуыләдісі,суретп | <br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру,ашықсұрақ, миғашабуылэдісі,суретпенжұмыс.<br>«Батырдың әрекеті»<br>Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерінің барлық мүмкін әрекеттерін тізіп көрсетуге үйрету.<br>Балаларды әртүрлі ертегі | орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс құрастырған бір партадағы балаларға жұлдызша беріп, мадақтайды.<br>- Ілияс пен Айсұлу жануарлардың әрқайсысын өз үйлеріне орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: | көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал - жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойыносылайжалғасабереді.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөр | Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қоржыннан алу)<br><br>Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балаларқайпішінжетіспейтінінтабады.<br>**2.Қазақ тілі**<br>МіндеттеріӨз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | енжұмыс.<br>«Сөзді аяқта және сөйлем құра» ойыны<br>Мақсаты: Балалардың сөздерді буынға бөлу және сөздерден сөйлем құрату дағдыларын дамыту.<br>Барысы: Балалар шеңберге тұрады. Ортада доппен тұрған мұғалім: «Балалар, енді менің бастаған сөзімді аяқтайсыңдар. Мен допты кез келген адамға лақтырып, сөздің басын айтамын, ал сендер допты маған қайта лақтырып, оның соңын айтуларың және сол сөзен сөйлем құрауларың керек. (та - би-ғат ә-ле-мі,құс-тар,жа-ну-ар-лар).<br><br>**3.құрастыру**<br>Міндеттері:Қазақ | кейіпкерлерінің әрекеттеріне ұқсастықтар салуға үйрету.<br>Мұғалім ертегідегі кейіпкерді ұсынады: «Қасқыр мен жеті ешкі» ертегісіндегі ешкіні.<br>Шарты: тек етістікпен сөйле. (Бір кездері ол жүрді, жазалады, ән айтты, т.б.) Келесі кезекте мұғалім басқа ертегілерде дәл осындай әрекеттерді жасайтын кейіпкерлерді еске<br><br>түсіруді ұсынады.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:**Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. | зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>**.«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Ойынның мақсаты**: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**жыл мезгілдерінің суреттері | сету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс<br>**«Сиқырлы суреттер»**<br><br>**Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр түрлі сурет бөлінділері.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>**3.Көркем әдебиет** | толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық<br>**«Сөз қос»**<br>**Ойынның мақсаты:** сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Шар,алма ойыншықтар.<br>**Ойынның мазмұны:** балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады.Тәрбиеші сөз айтады,балалар сөзге сөз қосып,сөйлем құрайды.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
